



Қабылдау емтиханының мақсаты: оқуға түсетін контингенттің фармация негіздері бойынша білім деңгейін, интеллект және таңдаған мамандығына қатысты жауапкершілік дәрежесін анықтау және бағалау.

Өткізу түрі: Университет базасында тестілеу.

Бағалау критерийлері: 100 баллдық шкала бойынша (бірнеше жауап нұсқаларынан 1 дұрыс жауабы бар 50 тест тапсырмалары).

Оң қорытынды баға: 50 балдан кем емес (кем дегенде 25 дұрыс жауап).

Фармация негіздері және фармакология пәндері бойынша сұрақтар тізімі

I. Фармация негіздеріне қатысты сұрақтар:

1. Түсінікке, терминге анықтама беріңіз:
 - «Фармация»;
 - «Дәрілік заттар»;
 - «Дәрілік препарат»;
 - «Фармакологиялық заттар»;
 - «Биологиялық белсенді заттар»;
 - «Жалған дәрілік зат»;
 - «Қайта өндірілген дәрілік зат (генерик)»;
 - «Парафармацевтиктер»;
 - «Дәрілік формуляр»;
 - «Дәрілік заттардың мемлекеттік тізілімі»;
 - «Негізгі (өмірлік маңызы бар) дәрілік заттар және т.б.
2. Фармацияның негізгі бөлімдері және олардың мақсаттары.
3. Фармацевтикалық мекмелер.
4. Дәрілік қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері.
5. ҚР дәрілік саясатының құқықтық негізін реттейтін заңнамалық-нормативтік құжаттар.

II. Фармакология сұрақтары:

1. Рецепт, оның құрылымы мен мазмұны. Рецепт бланкілерінің түрлері. Дәрілік заттарды рецепте жазу түрлері (арнайы және магистралді дәрілік түрлері) және олардың сипаттамасы.
2. Қатты дәрілік заттар туралы түсінік және олардың түрлері. Мөлшерлеу әдістері. Таблеткалар және ұнтақтар. Анықтамасы. Таблеткалардың және ұнтақтардың рецепте жазылу ережелері.



3. Жұмсақ дәрілік заттар туралы түсінік және олардың түрлері. Мөлшерлеу әдістері. Жақпа майлар мен балауыздар. Анықтамасы. Жақпа май және балауыздың негіздері. Жақпа майларға, май негіздеріне және балауыздарға қойылатын талаптар. Арнайы және магистральді жақпа майларға рецепт жазу ережелері.

4. Сұйық дәрілік түрлер: жіктелуі. Ерітінділер: анықтамасы, жіктелуі. Еріткіштердің түрлері. Ерітінділердің концентрациясын анықтау әдістері. Сыртқа және ішке қолдануға арналған ерітінділердің рецепте жазу ережесі. Рецептте жазылу түрлері: толықтырып жазу, қысқартылып жазу.

5. Сұйық дәрілік түрлер: Анықтамасы, жіктелуі. Тұнба, қайнатпа және тұндырма, анықтамасы. Дайындау технологиясының принциптері. Рецептте жазылу ережелері.

6. Жалпы фармакология. Анықтамасы. Фармакологияның негізгі бөлімдері. Дәрілік заттардың фармакокинетикасы, анықтамасы. Дәрілік препараттардың енгізу жолдары. Сіңірілудің негізгі механизмдері. Дәрілік заттардың жақсы сіңуіне жағдай жасайтын фактор. Биожетімділік туралы түсінік.

7. Дәрілік заттардың ағзада таралуы. Таралуына әсер ететін факторлар. Дәрілік заттардың қан сарысуының ақуыздарымен және тіндермен байланысуы. Дәрілік заттардың жиналуы (қорға жиналуы).

8. Биотрансформация (метоболизм). Метоболикалық трансформация, реакция түрлері, олардың сипаттамасы. Микросомальді тотығу индукциясы және ингибиторлары, олардың фармакологиялық маңызы.

9. Жүйеалды метаболизм, оның түрлері, фармакологиялық маңызы. Продәрілік зат туралы түсінік. Дәрілік заттардың және олардың метоболиттерінің экскрециясы. Экскреция жолдары. Элиминация, жартылай элиминация кезеңі.

10. Жалпы фармакология. Анықтамасы. Фармакологияның негізгі бөлімдері. Дәрілік заттардың фармакодинамикасы, анықтамасы. Дәрілік заттардың әсер ету механизмі. Арнайы рецепторлар туралы түсінік, агонисттері және антагонисттері.

11. Дәрілік заттардың әсер ету түрлері. Фармакологиялық әсерлер (негізгі, жанама, токсикалық). Мөлшер. Анықтамасы. Мөлшердің түрлері. Дәрілік заттың терапиялық әсерінің кеңдігі.

12. Дәрілік заттарды қайта енгізгенде әсерінің өзгеруі. Дәрілік тәуелділік, бейімділік (толеранттылық), сенсбилизация, кумуляция.

13. Жергілікті жансыздандырғыш заттар: анықтамасы, жіктелуі. Жергілікті жансыздандырғыштарға қойылатын талаптар. Әсер ету механизмі. Қолдануы. Жанама және токсикалық әсері, көмек көрсету шаралары.

14. Холинергиялық заттар. Жіктелуі. Антихолинэстеразды заттар. Әсер ету механизмі. Фармакологиялық әсері. Қолданылуы. Жанама әсерлері. Жедел



уланулар. Улану белгілері. Көмек шаралары.

15. Холинергиялық заттар. Жіктелуі. М- және Н- холиномиметиктер. Негізгі фармакологиялық әсерлері. Қолданылуы. Жанама әсерлері.

16. Холинергиялық заттар. Жіктелуі. М-холиноблокаторлық заттар. Әсер ету механизмі. Негізгі фармакологиялық әсерлері. Орталық жүйке жүйесіне әсер етуі. Қолдануға болатын көрсеткіштері. Жанама әсерлері.

17. Адренергиялық заттар. Жіктелуі. α - және β -адренергиялық рецепторларды ынталандыратын заттар. Әсер ету механизмі. Эпинефриннің фармакологиялық әсері. Қолдану көрсеткіштері. Жанама әсерлері.

18. Симпатомиметиктер. Әсер ету механизмі. Негізгі фармакологиялық әсерлері. Эпинефриннен айырмашылығы. Қолдануға болатын көрсеткіштері. Жанама әсерлері.

19. Адренергиялық заттар. Жіктелуі. Айрықша α -адренергиялық рецепторларды ынталандыратын дәрілер. Негізгі фармакологиялық әсерлер. Қолдануға болатын көрсеткіштері. Жанама әсерлері.

20. Адренергиялық заттар. Жіктелуі. β -адреномиметиктер. Негізгі фармакологиялық әсерлер. Қолдануға болатын көрсеткіштері. Жанама әсерлері.

21. Адренергиялық заттар. Жіктелуі. α -адреноблокаторлар. Негізгі фармакологиялық әсерлері. Қолдануға болатын көрсеткіштері. Жанама әсерлері.

22. Адренергиялық заттар. Жіктелуі. β -адреноблокаторлар. Негізгі фармакологиялық әсерлері. Қолдануға болатын көрсеткіштері. Жанама әсерлері.

23. Ұйықтататын дәрілік заттар. Жіктелуі. Әсер ету механизмдері, фармакологиялық әсерлері. Қолдану көрсеткіштері және жанама әсерлері. Ұйықтататын дәрілік заттармен жедел және созылмалы улану. Көмек көрсету шаралары.

24. Эпилепсияға қарсы заттар. Жіктелуі. Әсер ету механизмі. Қолдануға қарсы көрсеткіштері. Жанама әсерлері.

25. Қабынуға қарсы стероидты емес заттар (ҚКСЕЗ). Жіктелуі. Әсер ету механизмі. Фармакологиялық әсерлері. Жанама және токсикалық әсерлері.

26. Наркотикалық анальгетиктер. Жіктелуі. Әсер ету механизмдері. Морфиннің фармакологиялық әсері. Қолдану көрсеткіші, жанама әсері.

27. Наркотикалық анальгетиктер мен жедел және созылмалы улану. Наркотикалық анальгетиктердің антагонисттері, олардың әсер ету принциптері. Нейролептоанальгезия туралы түсінік

28. Қабынуға қарсы стероидты заттар (ҚКСЗ). Препараттардың қабынуға қарсы әсерінің мүмкін болатын механизмдері. ҚКСЗ фармакологиялық әсері. Қолдануға болатын көрсеткіштері. Пульс – терапия туралы түсінік. ҚКСЗ жанама әсерлері.



29. Антибиотиктер. Антибиотиктердің жіктелуі. Рациональды антибиотикотерапия принциптері. Бета-лактамы антибиотиктер. Әсер ету механизмі. Жанама және токсикалық әсері. Қарсы көрсеткіштері.

30. Антибиотиктер. Антибиотиктердің жіктелуі. Рациональды антибиотикотерапия принциптері. Аминогликозидтер және макролидтер. Әсер ету механизмі. Қолданылуы. Жанама және токсикалық әсерлері. Қолдануға қарсы көрсеткіштері.

31. Антибиотиктер. Антибиотиктердің жіктелуі. Рациональды антибиотикотерапия принциптері. Тетрациклиндер және хлорамфениколдар. Әсер ету механизмі. Әсер ету спектрінің ерекшеліктері. Қолданылуы. Жанама және токсикалық әсерлері. Қолдануға қарсы көрсеткіштер.

32. Антибиотиктер. Антибиотиктердің жіктелуі. Рациональды антибиотикотерапия принциптері. Линкозамидтер және полимиксиндер. Әсер ету механизмі. Жанама әсері. Қолданылуы.

33. Әр түрлі химиялық құрылымдағы синтетикалық микробқа қарсы заттар. Жіктелуі. Фторхинолондар және хинолондар. Әсер ету спектрі. Әсер ету механизмі. Қолданылуы. Жанама және токсикалық әсерлері. Қолдануға қарсы көрсеткіштер.

34. Сульфаниламидтер. Жіктелуі. Триметоприммен біріктірілген сульфаниламидтер. Әсер ету механизмі. Қолданылуы. Жанама және токсикалық әсерлері. Қолдануға қарсы көрсеткіштер.

35. Нитроимидазол және нитрофуран туындылары. Жіктелуі. Әсер ету механизмі. Әсер ету спектрі. Қолданылуы. Жанама және токсикалық әсерлері. Қолдануға қарсы көрсеткіштер.

36. Тұмауға қарсы заттар. Жіктелуі. Әсер ету механизмі. Қолданылуы. Жанама әсері. Вирустармен күресуде антисептиктер мен дезинфекциялаушы заттардың маңызы.

37. Табиғи және рекомбинантты интерферондар. Препараттары. Биологиялық маңызы, қасиеттері. Қолдану көрсеткіштері, қолдануға қарсы көрсеткіші, жанама әсерлері.

38. Интерферонның индукторы (табиғи және синтетикалық туындылары). Препараттары. Биологиялық маңызы, қасиеттері. Қолдану көрсеткіштері, қарсы көрсеткіші, жанама әсерлері.

39. Герпеске қарсы заттар. Препараттары. Әсер ету механизмі. Қолданылуы. Жанама әсері.

40. Саңырауқұлақтарға қарсы заттар. Жіктелуі. Саңырауқұлақтарға қарсы синтетикалық заттар. Әсер ету механизмі. Қолданылуы. Жанама әсері.

41. Саңырауқұлақтарға қарсы заттар. Жіктелуі. Саңырауқұлақтарға қарсы антибиотиктер: әсер ету механизмі, қолдану көрсеткіштері. Жанама және токсикалық әсерлері.

42. Жөтелге қарсы заттар. Жіктелуі. Қолданылуы. Жанама әсерлері. Дәріге тәуелділік пен бейімделудің даму мүмкіндігі.



43. Қақарық түсіруші заттар. Жітелуі. Әсер ету механизмі. Енгізу жолдары. Қолдануға болатын көрсеткіштері мен қарсы көрсеткіштері. Жанама әсерлері.

44. Бронхолитикалық заттар. Бронхоспазм және бронх демікпесін емдеу үшін қолданылатын препараттардың жіктелуі. Миотропты әсер ететін спазмолитиктер (метилксантиндер). Бронхолитикалық әсерінің механизмі. Қолдануға болатын көрсеткіштері. Жанама әсерлері.

45. Аллергияға қарсы заттар. Жіктелуі. Гистаминдік Н1-рецепторлардың антагонистері және антилейкотриендік заттар, әсер ету механизмі, фармакологиялық әсерлері. Қолданылуы. Жанама әсерлері.

46. Аллергияға қарсы заттар. Жіктелуі. Мес жасушалардың дегрануляциясын тұрақтандыратын заттар. Әсер ету механизмі. Препараттардың салыстырмалы сипаттамасы. Қолданылуы. Жанама әсерлері.

47. Бронх демікпесін емдеуде қолданылатын аллергияға қарсы және қабынуға қарсы заттар: селективті иммунодепрессант, ФДЭ 4 тежегіші. Әсер ету механизмі. Қолданылуы. Жанама әсерлері.

48. Өкпе ісінуінде қолданылатын заттар. Өкпе ісінуінің түрлері. Этил спиртінің көбіктенуге қарсы әсерінің қасиеті. Оксигенотерапия. Манниттің дегидратациялық әсері. Өкпе ісінуі кезіндегі олардың әсер ету принциптері. Жанама әсерлері.

49. Антигипертензивті заттар. Қан қысымын төмендету принциптері. Жіктелуі. Орталыққа және шеткеріге әсер ететін антигипертензивті нейротропты заттар. Гипотензивті әсерінің механизмі. Қолдануы. Қарсы көрсеткіштері және жанама әсерлері.

50. Антигипертензивті заттар. Қан қысымын төмендету принциптері. Жіктелуі. Кальций каналының блокаторлары: дигидропиридиндер. Әсер ету механизмі. Жанама әсерлері.

51. Антигипертензивті заттар. Қан қысымын төмендету принциптері. Жіктелуі. Ренин-ангиотензин жүйесіне әсер ететін заттар. Әсер ету механизмі. Қолданылуы. Асқынулары, қарсы көрсеткіштері.

52. Антиангинальды заттар. Жүректің ишемиялық ауруы кезіндегі оттегі жетіспеушілігін жоюдың негізгі принциптері. Жіктелуі. Органикалық нитраттар және нитрат тәрізді қосылыстар, олардың әсер ету механизмдері. Нитраттардың жанама және токсикалық әсерлері. Түзету принциптері.

53. Антиангинальды заттар. Жүректің ишемиялық ауруы кезіндегі оттегі жетіспеушілігін жоюдың негізгі принциптері. Жіктелуі. Кальций каналының блокаторлары: фенилалкиламидер, бензотиазепиндер. Олардың стенокардия кезіндегі әсер ету механизмі. Қолдану көрсеткіштері. Жанама әсерлері.

54. Атеросклерозға қарсы заттар. Жіктелуі. Май алмасуға әсерінің механизмдері. Жанама әсерлері.

55. Кардиотоникалық заттар. Жіктелуі. Әсер ету механизмі. Жүрек гликозидтерінің фармакологиялық әсері. Қолдануы, қарсы көрсетілімдері,



жанама әсерлері. Жүрек гликозидтерімен улануын тудыратын факторлар: клиникалық көріністері, профилактикасы, емі.

56. Зәр айдайтын заттар. Жіктелуі. Ілмекті, тиазидтер және тиазид тәрізді диуретиктер. Диуретикалық әсер ету механизмі. Қолдану көрсеткіштері. Жанама және токсикалық әсерлер.

57. Зәр айдайтын заттар. Жіктелуі. Калий сақтаушы диуретиктер және карбоангидраза тежегіштері, әсер ету механизмдері, қолдануы, қарсы көрсеткіштері, жанама әсерлері.

58. Зәр айдайтын заттар. Жіктелуі. Осмостық диуретиктер, әсер ету механизмі, қолдануы, қарсы көрсеткіштері, жанама әсерлері.

59. Асқазан бездерінің секрециясын төмендететін заттар (антисекреторлы заттар). Жіктелуі. Әсер ету механизмі. Қолданылуы және қолдануға қарсы көрсеткіштері. Жанама және токсикалық әсерлері.

60. Антацидтік дәрілік заттар. Жіктелуі. Әсер ету механизмі. Қолданылуы және қолдануға қарсы көрсеткіштері. Жанама әсерлері.

61. Гастропротекторлар. Жіктелуі. Әсер ету принциптері. Қолдану көрсеткіштері және қарсы көрсеткіштері. Жанама әсерлері.

62. Іш айдайтын заттар. Жіктелуі. Әсер ету механизмі. Қолданылуы. Қарсы көрсеткіші. Жанама әсерлері

63. Прокинетиктер. Жіктелуі. Прокинетикалық әсерінің механизмі. Қолданылуы. Қарсы көрсеткіштері. Жанама әсерлері.

64. Диареяға қарсы заттар. Жіктелуі. Әсер ету механизмі. Қолдануы және қарсы көрсеткіштері. Жанама әсерлері.

65. Гепатопротекторлар. Жіктелуі. Әсер ету принциптері. Қолдануға болатын көрсеткіштері. Жанама әсерлері.

66. Өт айдайтын және холелитоликалық заттар. Жіктелуі. Әсер ету механизмі. Қолдануы және қарсы көрсеткіштері. Жанама әсерлері.

67. Ұйқы безінің секреторлы қызметіне тежеуші әсер ететін заттар. Жіктелуі. Әсер ету механизмі. Қолдануы және қарсы көрсеткіштері. Жанама әсерлері.

68. Гипо- және гиперхромды анемияларды емдеуге арналған заттар. Жіктелуі. Әсер ету механизмі. Жанама әсері. Темір препараттарының сіңіруінде аскорбин қышқылының және микроэлементтерінің рөлі. Темір препараттарымен улану, симптомдары, көмек көрсету шаралары.

69. Қан ұюына әсер ететін заттар (гемостатиктер) Жіктелуі. Коагулянттар. Әсер ету механизмі. Қолдану көрсеткіштері, жанама әсерлері.

70. Қан ұюына әсер ететін заттар (гемостатиктер) Жіктелуі. Фибринолиз тежегіштері. Препараттардың әсер ету механизмі. Қолдану көрсеткіштері. Жанама әсерлері.

71. Қан ұюын төмендететін заттар. Жіктелуі. Тікелей және тікелей емес әсер ететін антикоагулянттар. Әсер ету механизмі. Қолдану көрсеткіштері. Жанама әсерлері. Қарсы көрсеткіштері.



72. Қан ұюын төмендететін заттар. Тікелей және тікелей емес әсер ететін фибринолитикалық заттар. Тромб түзілуіне қарсы әсерінің механизмі. Қолдану көрсеткіштері. Жанама әсерлері.

73. Гипо және гипертиреоз синдромдарында қолданылатын гормондық препараттар. Жіктелуі. Қолданылуы. Жанама әсерлері.

74. Инсулин препараттары. Жіктелуі Инсулин терапиясына көрсеткіштері. Инсулин терапиясының асқынуы. Гипо- және гипергликемия кезіндегі жедел терапия.

75. Синтетикалық гипогликемиялық заттар. Жіктелуі. Әсер ету механизмдері. Фармакологиялық әсерлер. Қолдануға болатын көрсеткіштері. Жанама әсерлері.